

Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №1

24.10.2024ж

Қайрат ауылы
Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін фактілердің алдын алу бойынша әрекет ұсыныстары. Меңгеруші
2. Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп. Есеп беру. Шаруашылық меңгерушісі.
3. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (шұғыл тексеру). Медбике

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі М.Байдаулетова «Балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін фактілердің алдын алу бойынша әрекет ұсыныстары» атты тақырыпта айтып өтті. Бала құқығы дегеніміз – қандай да бір айырмашылыққа: нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, туған жеріне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлігіне, меншігіне, ата тегіне немесе өзге де жағдайына қарамастан әр баланың (18 жасқа толмаған әрбір адам бала деп танылады) бойында болуы қажет бостандығы мен құқығы. Тұлғаның үйлесімді дамуы үшін бала махаббат пен мейірімділік бар ортада, отбасында, жақын және сүйіспеншілікке толы адамдар арасында өсуі керек. Ересектердің міндеті - баланы өз бетінше өмір сүруге дайындау, қоғамның толыққанды мүшесі болуына көмектесу және баланың қалыпты физикалық және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау. Балалық шақты қорғау – балалардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нормативтік құжаттарды әзірлеу негізінде балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі; балалар еңбегін заңнамалық реттеу; қорғаншылық, қамқоршылық және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу жүйесін жетілдіру; тиісті көмекке мұқтаж балалармен түзету және оңалту жұмыстарын жүргізу үшін мамандандырылған әлеуметтік қызметтер мен мекемелер желісін құру. Балалардың және балалы отбасылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылатынын түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Г.Елеулиева «Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде» есебін берді. Есеп бойынша шаруашылық меңгерушісі Балабақшадағы немесе ауладағы ойын алаңы белгілі талаптарға сай болуы керек. Ең бастысы - баланың ойын

аланының қауіпсіздігі. Карусельдердің және көлденең жолақтардың барлық бөліктері сенімді түрде бекітіліп, бұрыштары тегістеліп, өткір бөлшектерді алып тастау қажет заттардың алынатын тастатынды. Ойын алаңы нәресте денесінің әртүрлі бөліктерін жарақаттау мүмкін болмайтын қауіпсіз орын болуы керек, сол себептен сол жарақаттарды балалар алмас үшін, қадағаланып орнына келтірілді. Ойын заттардың жасалған барлық материалдар санитарлық-гигиеналық стандарттарға сай болуы үшін жоғары сапалы болуы қалағаланды. Сондықтан бүгінде ағаштан жасалған ойын алаңдары жоғары бағаланады, олардың төзімділігі төмен болғанымен. Сондай-ақ ойын жабдыктарына, әсіресе құм салғыштағы құмға күтім жасау маңызды. Құм салғыштың тақтайын қағып, орнына келтірілді. Қауіпсіздіктен басқа, балабақшадағы немесе ауладағы ойын алаңы да балалар үшін тартымды болуы керек, балалар ойнағысы келетін алаң. Балаларға жарқын боялған турниктер мен әткеншектерді, ойын алаңының қызықты декорын және фигуралар немесе сызбалар түріндегі сүйікті ертегі кейіпкерлерінің болуы міндетті түрде ұнайтын болғандықтан, бірнеше жұмыстары орнына келтірілді деп есебін берді.

Үшінші мәселе бойынша «Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру» бойынша балабақшаның медбикесі М.Сарбалаева шұғыл тексеруді айтып өтті. Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық-түліктер теңдестірілген. Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері;

Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы. Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болады; Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Бобекжай-балабақшасында күніне үш рет тамақтанады:

Таңертеңгілік ас-сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай, макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде шәй, кампот, маймен, сыр бутерброды.

Түскі ас-өсімдік майы қосылған балғын көкөністерден түрлі салаттар (қияр, қызанақ, сәбіз)

Бірінші ыстық тағам - борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер.

Екінші тағам - гарнирмен ет, тауық.

Үшінші тағам-балғын жемістерден, кепкен көкөністерден компот, табиғи жидектерден кисель.

Бесін ас - шырын, шай, печенье, кондитерлік бұйымдар, тоқаштар. Тамақты

әзірлеу және тарату әрекеті медбикенің қатаң қадағалануымен жасалынады. Балабақшаның барлық топтарында ыдыстарды сақтауға және жууға арналған бөлмелер бар. Тәрбиешілер және тәрбиеші көмекшілері топ ішінде балаларға тамақ таратады. Топ тәрбиешілері ас мәзірімен балаларды таныстырады. Дастархан басында отыру ережесін балаларға ескертіп отырады. Ас ішіп болған соң ішу ережесі гигиеналық машықтарды орындатады. «Шұғыла» ортаңғы топ тәрбиешілері тексеру барысында балаларды ас мәзірімен таныстырмады. Балаларға ас ішу ережесін айтып түсіндірмеді. Балалар стол басында сөйлеп отырды. Осы топ тәрбиешілеріне ескертулер айтылды. Қатаң түрде гигиеналық-санитарлық талаптар орындалады.

Жарыс сөзге балабақшаның тәрбиешісі Т.Бердімұратова шығып, балабақшаның ойын алаңының балаларға қауіпсіз етіп тексеріп, қадағалап жұмыстар жасағандары дұрыс болғанын айтып өтті.

Шешім:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін фактілердің алдын алу бойынша әрекет ұсыныстары түсіндірілді.
- 2.Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есебі берілді.
3. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігі бойынша шұғыл тексеру жүргізілді.

Жиналыс төрайымы:  М.Байдаулетова

Хатшы:  А.К.Есиркепова

«Молтүр бұлақ» бөбекшіл-бағабалқашы

Ас бағалық сәтіндік тараптар мен ерекшеліктер
сәтіндіктерін тексеру
(Меніңші жауапкершілік келесі)

Дайындалған:Медонке

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Аппактама

Тақырыбы: Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру

Мақсаты: Балалардың толыққанды, рационалды тамақтануын ұйымдастыруын бақылау

Жұмыс түрі: Шұғыл тексеру

Бақылау нысаны: Барлық топтар

Бақылау уақыты: 01.10.2024.- 24.10.2024 жыл аралығы

Тамақтану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:

Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді;

Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық-түліктер теңдестірілген;

Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері;

Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы;

Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болады;

Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Шағын орталықта күніне үш рет тамақтанады.

Таңертеңгілік ас-сүт ботқалары: сұлы, күріш, қаракұмық, бидай, "Достық", макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде шәй, компот.

Түскі ас - өсімдік майы қосылған балғын көкөністерден түрлі салаттар (кияр, қызанақ, сәбіз)

Бірінші ыстық тағам-борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер.

Екінші тағам - гарнирмен ет, тауық.

Үшінші тағам - балғын жемістерден, кепкен көкөністерден компот, табиғи жидектерден кисель.

Бесін ас - сүт, айран, шырын, лимон қосылған шай, печенье, кондитерлік бұйымдар, тоқаштар.

Тамақты әзірлеу және тарату әрекеті медбикенің қатаң қадағалануымен жасалынады. Балабақшаның барлық топтарында ыдыстарды сақтауға және жууға арналған бөлмелер бар. Тәрбиешілер және тәрбиеші көмекшілері топ

ішінде балаларға тамақ таратады. Топ тәрбиешілері ас мәзірімен балаларды таныстырады. Дастархан басында отыру ережесін балаларға ескертіп отырады. Ас ішіп болған соң ішу ережесі гигиеналық машықтарды орындатады. «Шұғыла» ортаңғы топ тәрбиешілері тексеру барысында балаларды ас мәзірімен таныстырмады. Балаларға ас ішу ережесін айтып түсіндірмеді. Балалар стол басында сөйлеп отырды. Осы топ тәрбиешілеріне ескертулер айтылды. Қатаң түрде гигиеналық-санитарлық талаптар орындалады.

Ұсыныстар:

Тамақтануды әзірлеген кезде санитарлық-гигиеналық талаптарын қатаң сақтау.

Балаларды күнделікті ас мәзірімен таныстырып отыру.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тамақтану кезіндегі эстетикалық гигиеналық машықтарын жетілдіру.

Балабақша медбикесі: М.Сарбалаева

«Молдир бұлақ» бобеккай-бағабакшасы

Топтардың және алаңның жөндөлгендігі жөнінде есеп
(Менгеруші жанаңдағы кенес)

Дайындаған: Шауыашылық менгерушісі

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп

Мақсаты: Ойын алаңында техника қауіпсіздігінің орындалуы

Өскелең ұрпақтың дамуы үшін бүгінгі таңда үлкен көмектер бар. Бұл әртүрлі ойыншықтар, компьютерлік бағдарламалар, сондай-ақ металл немесе ағаш ойын алаңдары. Олардың көмегімен бала тек дене бұлшықеттерін ғана емес, сонымен қатар миы да жаттықтырады. Балаға арналған ойын тұлғаны дамыту қаты өте маңызды элемент екенін бәрі біледі. Іс жүзінде балалардың кез келген қызығында олардың өмірі, дүниеге көзқарасы және осы немесе басқа жағдайда өзін ұстау мәнері көрінеді. Сондықтан бұл өте құнды, себебі балалар осы немесе басқа әрекет туралы білім алады, әлемді біледі және өз пікірін қалыптастырады. Ашық ойындар балалардың физикалық қабілеттерін дамытуға, оларды өз күштерін басқаруға және жаңа биіктерге жетуге тырысуға, еліктеп, тіпті достарынан жақсы болуға тырысуға арналған.

Балабақшадағы ойын алаңы. Балабақшадағы немесе ауладағы ойын алаңы баланың физикалық, күш-қуатын ғана емес, ақыл-ой қабілетін де жаттықтыруға болатын қажетті ғимарат. Сонымен қатар, мұндай ойындардың көшеде, таза ауада өткізілетіндігінің артықшылығы, бұл балаларға өте пайдалы. Ойын алаңында балалар өздерінің қажымас қайраттарын дұрыс, жақсы бағытқа бағыттап, физикалық күштерін жұмсайды. Ойын кешендерінің өзі мүлдем басқа: кейбіреулері жұп әткеншек пен сырғанақтан тұрады, бірақ стандартты элементтерден басқа турниктердің және құм салғыштардың әртүрлі түрлері жақсы деп есептелетіндері.

Талаптар. Балабақшадағы немесе ауладағы ойын алаңы белгілі талаптарға сай болуы керек. Ең бастысы - баланың ойын алаңының қауіпсіздігі. Карусельдердің және көлденең жолақтардың барлық бөліктері сенімді түрде бекітіліп, бұрыштары тегістеліп, өткір бөлшектерді алып тастау қажет заттардың алынып тасталынды. Ойын алаңы нәресте денесінің әртүрлі бөліктерін жарақаттау мүмкін болмайтын қауіпсіз орын болуы керек, сол себептен сол жарақаттарды балалар алмас үшін, қадағаланып орнына келтірілді. Ойын заттардың жасалған барлық материалдар санитарлық-гигиеналық стандарттарға сай болуы үшін жоғары сапалы болуы қадағаланды. Сондықтан бүгінде ағаштан жасалған ойын алаңдары жоғары бағаланады, олардың төзімділігі төмен болғанымен. Сондай-ақ ойын жабдықтарына, әсіресе құм салғыштағы құмға күтім жасау маңызды. Құм салғыштың тақтайын қағып, орнына келтірілді. Қауіпсіздіктен басқа, балабақшадағы немесе ауладағы ойын алаңы да балалар үшін тартымды болуы керек, балалар ойнағысы келетін алаң. Балаларға жарқын боялған турниктер мен әткеншектерді, ойын алаңының қызықты декорын және фигуралар немесе сызбалар түріндегі сүйікті ертегі кейіпкерлерінің болуы міндетті түрде ұнайтын болғандықтан, бірнеше жұмыстары орнына

келтірілді. Балабақшаның жылдық жоспары негізінде барлық топтардың ойын алаңдары тексерілді. Ойын алаңдары балалардың өміріне қауіпті заттардан тазартылған. Құрғап қалған ағаш пен бұталарды дер кезінде алып тастайды. Серуенді ұйымдастыру алдында балабақша тәрбиешілері ойын алаңдарын мұхият қарап шығады. Барлық топтың ойын алаңдарында балалар ойнайтын құм бар. Ойын алаңындағы техника қауіпсіздігі қатаң сақталады.

«Молдір бұлақ» бөбекжай-балабақшасы

**Балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін
фактілердің алдын алу бойынша әрекет ұсыныстары
(Меңгеруші жанандағы кеңес)**

Дайындаған: Меңгеруші

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін фактілердің алдын алу бойынша әрекет ұсыныстары

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау балабақшасының барлық тәрбиешілері орындауы үшін міндетті болып саналады.
2. Тәрбиешілердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.
3. Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде баланың бақылау жасайды.
4. Жаракатты профилактикалауға көңіл бөлу.
5. Балабақша бөлмелерімен қозғалу кезінде, балалар бақшасы аумағынан тыс жерде, сондай-ақ техникалық оқыту құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балаларды балалар бақшасы аумағынан тыс жерге жібермеу.
6. Бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда, тәрбиеші бұл туралы әкімшілікке хабар беріп, оны жедел іздестіруді ұйымдастыруға тиісті.
7. Балаларды үйге жалғыз жіберуге, бөтен адамдармен, мас адамдар қолына беруге тыйым салынады.
8. Ата-анасымен алдын ала баланы жетуге сенім білдірген адамға сенім хат рәсімдеу оған ата-анасы мен сенім білдірген адамның қолы қойылған болуы тиіс.
9. Балалармен сабақ өткізу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау, оларды қауіпсіздік еңбек әдістерін үйрету.
10. Сабақты сіреңке мен басқа да қауіпті материалдарды пайдаланбау.
11. Учаскелерде, топтарда, дәліздермен баспалдақ алаңдарында қауіпсіз жүріс тұрыс ережелері туралы балаларға ұдайы нұсқау беру.
12. Серуендеу кезінде балаларды топқа жалғыз жібермеу.
13. Үнемі балалармен бірге болу. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілеріне арналған нұсқау. Жаз мерзімінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.